

Геометрия (7-9-сынып)

Оқулықтар мен ОӘК тізбесі:

7-сынып

1. Геометрия. Оқулық. Әдістемелік нұсқау. Дидактикалық материалдар. Есептер жинағы. Ж.Қайдасов, Г.Досмағанбетова, А.Абдиев, С.Төлеубаева, Е.Тұяқов. – Алматы: Мектеп, 2012.

2. Геометрия. Оқулық. Оқыту әдістемесі. Дидактикалық материалдар. Есептер мен жаттығулар жинағы. К.Бүкүбаева, А.Миразова. – Алматы: Атамұра, 2012.

3. Геометрия. Оқулық. Оқыту әдістемесі. Дидактикалық материалдар. Ә.Шыныбеков. – Алматы: Атамұра, 2012.

8-сынып

1. Геометрия. Оқулық. Әдістемелік нұсқау. Дидактикалық материалдар. Есептер жинағы. Ж.Қайдасов, Г.Хабарова, А.Абдиев, С.Төлеубаева, Е.Тұяқов, Г.Даньяров. – Алматы: Мектеп, 2012.

2. Геометрия. Оқулық. Әдістемелік құрал. Дидактикалық материалдар. Есептер мен жаттығулар жинағы. К.Бүкүбаева, А.Миразова. – Алматы: Жазушы, 2012.

3. Геометрия. Оқулық. Әдістемелік нұсқау. Ж.Юсупов, С.Заурбеков. – Алматы: Мектеп, 2012.

4. Геометрия. Оқулық. Оқыту әдістемесі. Дидактикалық материалдар. Ә.Шыныбеков. – Алматы: Атамұра, 2012.

9-сынып

1. Геометрия. Оқулық. Әдістемелік нұсқау. Дидактикалық материалдар. С.Шәкілікова, Ж.Нұрпейіс, Ғ.Қалдыбаева, Б.Саяқова, С.Жақсымбетова. – Алматы: Мектеп, 2009.

2. Геометрия. Оқулық. Ә.Шыныбеков. – Алматы: Атамұра, 2007.

3. Геометрия. Әдістемелік нұсқау. Дидактикалық материалдар. Ә.Шыныбеков. – Алматы: Атамұра, 2011.

Информатика

Адамның өмір тіршілігінің жаһандануы процесінде, жоғарғы технологиялар мен ақпараттану ғасырында мектептегі информатика пәні оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық және ақпараттық-есептеуіш технологиялар, сандық білім беру ресурстары, қашықтықтан оқыту технологиялары саласындағы білімін, білігі мен дағдыларын меңгертуді және ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз етуді көздейді.

7-9-сыныптарда информатиканы оқытудың мақсаты - әлемнің ақпараттық бейнесі жайлы түсінік қалыптастыру және компьютерді іс-әрекет құралы ретінде тәжірибе жүзінде меңгерту.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді шешу қажет:

- информатика саласындағы негізгі түсініктер мен білімдерді қалыптастыру;

- оқушылардың алгоритмдік ойлау қабілеттерін дамыту;

- оқушыларда ақпараттық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

- компьютерді әртүрлі тәжірибелік есептерді шешуге қолдануды үйрету;

- оқушылардың қызығушылықтарын компьютерлік ақпараттық технологиялар және ақпаратты өңдеу әдістеріне арттыру;

- жаңа ақпараттық қоғамда өмір сүретін жеткіншек ұрпақтың бойында адамгершілік және құқықтық негіздерді қалау.